



ОҚЫРМАН ХАТЫ

ЕЛ АҒАСЫ «ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР АТА-АНАЛАР ОДАҒЫ» АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП БЕРДІ

ҚҰРМЕТТІ, ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ!

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА БІРНЕШЕ МҮГЕДЕКТЕР БІРЛЕСТІГІ БАР. ОНЫҢ БАРЛЫҒЫ 1 ЫҚШАМ АУДАНДАҒЫ ШАҒЫН КЕҢСЕДЕ ОТЫР. ӨЗДЕРІҢІЗГЕ МӘЛІМ, ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАЛЫ МҰНДА ДЕПАРТАМЕНТТЕР, ОБЛЫС ӘКІМДІГІ, БАСҚА ДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР КӨШІП КЕЛДІ. БҮГІНДЕ САЛЫНЫП БІТКЕН БІРДЕ-БІР ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТТАР ЖОҚ.



Биыл бірнеше әкімшілік, әлеуметтік, мәдени нысандардың іргесі қалана бастайды деп жоспарлап отырмыз. Ол үшін жер телімдерін қарастырып, ғимараттардың жобасын әзірледік. Зәулім ғимараттар қолданысқа берілгенде, сіздерге кеңсе тауып беруге әзірміз.

Ерекше балаларға арналған балабақшаға келсек, еліміздің қолданыстағы заңына сәйкес, алдағы уақытта бұл мәселе де қарастырылады. Бүгінде Қонаев қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күндізгі болу орталығы жұмыс жасайды. Мақсаты – әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, түзету қызметін атқару. Мекеменің есігі 1, 5 жастан 18 жасқа дейінгілерге айқара ашық. Орталықта балақайларды оқытады, жаттықтырады, 4 уақыт

ыстық тамақ береді. Мекемеде невропатолог, дефектолог, психиатр, логопед, мейірбике секілді ақ халаттылар қызмет етеді. Бұдан бөлек, емдік денешынықтыруға жауапты маман, тәрбиешілер, олардың көмекшілері де бар. Балаларды тасымалдауға арналған арнайы көлік те қарастырылған. Аталған мекеменің бір күнде 90 баланы қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті.

Сіздердің қоғамға сіңіріп жатқан еңбектеріңіз ерен және әрдайым бағалы. Жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!

Нұрлан Құматаев
Қонаев қаласының әкімі

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ		ЗАМЕСТИТЕЛЬ АКИМА ГОРОДА ҚОНАЕВ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
040800, Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13, тел. 8 (72 772) 4 45 51		040800, город Қонаев, улица Жамбыла, 13, тел. 8 (72 772) 4 45 51
№ 2024 жыл 21.02.-№ 88-02/167-И		
«Нурлы өлке» қоғамдық-саяси апталық газетінің бас редакторы Ә.Алдаханға		
Бас мақалаға ресми жауап		
<p>Құрметті, Ерекше балалардың ата-аналар одағының мүшелері!</p> <p>Қазіргі таңда Қонаев қаласында бірнеше мүгедектер бірлестігі бар. Оның барлығы 1 ықшам аудандағы шағын кеңседе отыр. Өздеріңізге мәлім, Қонаев қаласы облыс орталығы болғалы мұнда департаменттер, облыс әкімдігі, басқа да мемлекеттік органдар көшіп келді. Бүгінде салынып біткен бірде-бір әкімшілік ғимараттар жоқ.</p> <p>Биыл бірнеше әкімшілік, әлеуметтік, мәдени нысандардың іргесі қалана бастайды деп жоспарлап отырмыз. Ол үшін жер телімдерін қарастырып, ғимараттардың жобасын әзірледік. Зәулім ғимараттар қолданысқа берілгенде, сіздерге кеңсе тауып беруге әзірміз.</p> <p>Ерекше балаларға арналған балабақшаға келсек, еліміздің қолданыстағы заңына сәйкес, алдағы уақытта бұл мәселе де қарастырылады. Бүгінде Қонаев қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күндізгі болу орталығы жұмыс жасайды. Мақсаты – әлеуметтік көмек көрсету, оңалту, түзету қызметін атқару. Мекеменің есігі 1,5 жастан 18 жасқа дейінгілерге айқара ашық. Орталықта балақайларды оқытады, жаттықтырады, 4 уақыт ыстық тамақ береді. Мекемеде невропатолог, дефектолог, психиатр, логопед, мейірбике секілді ақ халаттылар қызмет етеді. Бұдан бөлек, емдік денешынықтыруға жауапты маман, тәрбиешілер, олардың көмекшілері де бар. Балаларды тасымалдауға арналған арнайы көлік те қарастырылған. Аталған мекеменің бір күнде 90 баланы қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті.</p> <p>Сіздердің қоғамға сіңіріп жатқан еңбектеріңіз ерен және әрдайым бағалы. Жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін!</p>		
Қала әкімінің орынбасары		С. Нұрсолтанова

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

НҰРЛАН ҚҰМАТАЕВ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

БҮЛ ЖОЛЫ ХАЛЫҚ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІНЕ БАСПАНА, ЖЕР, ПӘТЕР ИЕЛЕРІ КООПЕРАТИВІНІҢ ЖҰМЫСЫ, ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ТАРТЫЛУЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАРМЕН ЖҮГІНДІ.



«Қазіргі таңда қалада «Жасыл қала Қонаев» мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорыны құрылып жатыр. «Тұрғын үйлердің шатырынан су ақты, электр желісі істен шықты» – дегендей сұрақтарды өз деңгейінде шеше алмай жатқан пәтер иелері кооперативтерінің жұмысын осы кәсіпорынға жүктейміз деп жоспарлап отырмыз. Халық өткен жылы жазда бекітілген тариф бойынша ақы төлеуін жалғастыра береді. Нәтижесінде бірқатар мәселелер шешіліп, қызмет көрсету сапасы артатынына сеніміміз мол», – деді пәтер иелері кооперативіне шағымданған тұрғынға қала әкімі.

Бұдан бөлек, ол былтыр 14 тұрғын үйдің шатыры ауыстырылғанын, биыл да жұмыс жалғасатынын атап өтті.

Әкімге жолыққан келесі тұрғындар ауыз су желілерін тарту мәселесінің шешімін тауып беруді сұрады. Нұрлан Құматаев ВОХР-да тұратын халықтың сұрағын бақылауына алып, жауапты бөлімдерге тапсырма берді.

«Ауыз су құбырларын тарту үшін жоба әзірленді. Бюджеттен қаржы қарастырылса, құрылыс-монтаж жұмыстары биыл 2-жартыжылдықта басталады», – деді ТҮКШ бөлімінің басшысы Дархан Қарағонысов.

Ал баспанаға мұқтаж жұрттың сұрағына әкім биыл бірнеше санаттағы адамдарға пәтер кілтін табыстау жоспарланған деп жауап берді.

ЖАЗИРА БАҚАЕВА, АҚЫН:

АТАҚ ҮШІН ӨЛЕҢ ЖАЗБАЙМЫН...

АҚЫН ЖАЗИРА БАҚАЕВА 1976 ЖЫЛЫ 8 ТАМЫЗДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, РАЙЫМБЕК АУДАНЫ, ШӘЛКӨДЕ АУЫЛЫНДА ТУҒАН. АВТОРДЫҢ «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ» ЖЫР КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН. БҮГІНДЕ ҰЙҒЫР АУДАНЫНДАҒЫ КІТАПХАНАДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ҚАЛАМҒЕРМЕН ӨМІР МЕН ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ ОЙ БӨЛІСІП, СҰХБАТТАСТЫҚ.

– Жазира, сіздің әдеби ортада өз қолтаңбасы бар ақын екеніңізді көзі қарақты оқырман біледі. Қазір қайдасыз, не жазып жүрсіз?

– Өлеңім – өмірлік жемісім!
Жүрегім де шайырланып кетті сен үшін.
Есім ауғанша, көңіл қалғанша жаза беремін,
Өмірдің сүйретіп жүріп өгейлік кебісін. . .
«Қыз – өріс» демекші, туған жерден алыс емеспін. Алматы облысы, Райымбек ауданында туғанмын. Қазіргі таңда Ұйғыр ауданы, Тиірмен ауылында тұрамын. Жолдасымның ата-анасы қарт кісілер болғасын түскен үйімнен ұзап шықпай, үлкендерге қарайлап ауылда қалдық. Ата-енемнің өз туған қыздары жоқ екен. Сол үшін де мені алақандарына салып аялағандары, осы жерде өсіп-өнуіме үлген себепші болды. «Мен өлең жазам, қалаға кетуім керек, өсуім керек» деген ой мүлдем басыма келмейті.

Тұрып жатқан жерімнің табиғаты да тамсанарлық, тау етегінде орналасқан, бау-бақшалы өлке. Жемістің де түр-түрі осы аймақта өседі. Тіпті адамдарына дейін ақ жүзді, мейірімді болып келеді. ҚазМУУ-ді бітіргеннен ата-анасы жиырма жыл аңсап күткен ұлдарын ертіп алып алысқа ұзап кету мен үшін қылмысқа тең еді. Осында жүріп өндіріп жазбасам да өлеңнен ажырамадым.

– «Ақындар ауылда туады. . .» деп басталатын әйгілі сөз бар ғой, жалпы, шығармашылық адамының тіршілік ортасын ауыл не қала деп бөлуге бола ма?

– «Ақындық қасиет – бір Алладан» деген тәмсіл бар. Оны дамыту, дамытпау адамның өзіне байланысты шығар. Негізі барлығы білімге келіп тіреледі. Ауылда тұрған адамдар тек ауылдың көзқарасымен күн кешеді дегендер қателеседі. Керісінше, ауылда ізденуге уақыт жеткілікті. Қаладағы секілді жол кептелісі уақытыңды жемейді. Қазір, ауыл халқы да қаладағы секілді өз жағдайларын яғни тұрмыстарын ұқыптап алған. Мұндағы тіршілік қоңыр болғанымен жанға жайлы. Негізінде қазақи қасиет пен таза рухани азықты адам баласы дала сарынынан сіңіреді емес пе? Баяғы ата-бабаларымыздың тілдеріндегі поэтикалық форма да, даналық, шешендік шежіренің түп тамыры қазақи тұрмыс тіршіліктен нәр алған. Сол үшін де ауылда тұрғаныма арланбаймын.

Тауды сүйем!

Тау ғой менің тапжылмайтын тұрағым.

Жартасында жаңғырамын,

Жамыламын мұнарын.

Қиясында мекендеймін,
Қия шыңға шығамын,
Балапанын мәпелеймін,
Ұясында қыранның!

– «Ауылдан шықпай қалдым-ау» деген ой маза-ламай ма?

– Жаңа жоғарыда айтқанымдай, ауылда қалғаным өкінбеймін. Жан жолдасымды кіндігінен үзіп ауылдан жырақтау мүлде ойымда жоқ. Тіпті маған Астананың төрінен орын ұсынса да бауыр басқан Қарадаламнан ұзамайтынымды анық білем.


Қазір көзі ашық, көкірегі ояу жандар үшін жан-жақты іздену еш қиындық тудырмайды. «Мен өндіріп жазып жатырмын» деп айналаңды шулатпай-ақ, үндемей жүріп те үрдісті дүниені жалғастыруға болады.

– Білуімізше, жеке шығармашылық кешіңізді әлі өткізген жоқсыз. Неге?

– Жеке шығармашылық кеш өткізетіндей ақындық деңгейім биіктеген жоқ. Мен де көп қарапайым жазғыштардың қатарындамын. Аз ғана көлемде жинақталған, кішкентай ғана кітабым бар. Ол да шала-жансар күйде шыққан. Жалпы атақ үшін өлең жазбаймын. Өлеңге де құрмет керек. Өзімшілденіп өлеңнің қадір-қасиетін кетіргім келмейді. . .

– Қазір қазақ халқының қалалық ұлтқа айналу үдерісі жүріп жатыр. Әсіресе, жастардың қалалық мәдениетке ұмтылысы жоғары. Ел ішінде жүрген адамға бұл біліне ме? Жалпы, бұл мәселе ақын ретінде сізді толғандыра ма?

– Иә, рас қазіргі таңда ауыл тұрғындары балаларым өзіміз секілді қара жұмыста жегілмесін деген оймен тапқан таянғанын жинап балаларын қалаға қарай қуады. Жастар да сол жеңіл, көңілді тұрмысқа елітіп қалада қалғысы келеді. Бұл мен шешетін мәселе емес, әркімнің өз санасы жұмыс істесін. Ал, ауыл қазақ үшін – қасиетті қазық! Әдеби-мәдени ортаны мен де аңсаймын, десе де, өз басым жалғыздықты, тыныштықты көп қалаймын. Шулы ортадан жырақтана берем. Қазір көп өлең жазамын. Барлығын дерлік желіге де салып, жариялап та жатқаным шамалы. Әлі де көп дүние жазғым келеді. Түн баласы ұйықтамай ойланатын кездерім де көп. Өлеңдерімде қателік болмас үшін, ертеңгі ұрпақ күлмес үшін таза, табиғи қалыпта жазуға тырысамын. Мәнді, мәнсіз нәрселерді өлеңге тықпалай бергім келмейді.



– Кітапханада жұмыс істейсіз. Ауыл адамдарының кітап оқуға деген құштарлығы қандай? Қандай кітапқа сұраныс бар?

– Кітапхана деген – қазына ғой. Ешкімде жоқ ең құнды дүние осы кітапханада сақтаулы жатыр. Көп адамдар мені кітапханашы деп жоғарыдан қарағысы келеді. Шапшағын кітапханада отырып кітаптардың иісін иіскеп отырып, кітап оқу ең рахат дүние екенін кім білсін. . .

Үнемі өзім қалаған кітаптарды жинап алып кезек-кезек оқып алып, ішіндегі жақсы кітаптарды айналамдағыларға оқуға ұсынамын. Кітап оқығысы келген адамға кітапханада оқитын кітап жеткілікті. Қазақстандық баспалардан шығып жатқан кітаптардың барлығы дерлік біздің ауылдық кітапханаларымызға да келіп түседі.

Ауылдағы көп жастардың кітапқа сұранысы күшті. Жаңа кітаптар легі ай сайын топталып келіп жатады, тіпті тіркеп үлгермей жатамыз.

М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын көп сұрайды. Барлық оқырманға ұсына бергің келгеніңмен кітапқа ұқыпсыз қарайтындар да бар. Құнды дүниені жоғалтуға тағы болмайды.

Жалпы, кітаппен байланысы бар адамдардың барлығы мен үшін өте қымбат жандар.

Сұхбаттасқан
Гүлжан Амангелдіқызы

МӘДЕНИ МАЙДАН

ШЫҒЫСТАНУШЫ ӘРІ АҒАРТУШЫ САНЖАР КЕРІМБАЙМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ

БҮГІН ҚАРАСАЙ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА «ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ» ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, ШЫҒЫСТАНУШЫ, АҒАРТУШЫ, КӨПТЕГЕН КІТАПТАРДЫҢ АВТОРЫ САНЖАР КЕРІМБАЙ МЫРЗАМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.



Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының елдік санасы мен бостандыққа ұмтылыстары туралы жаңа көзқарас қалыптастыру мақсатында жазылған «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының шығу тарихын автордың өз аузынан естіп, терең мағлұмат алу мақсатында ұйымдастырылды.

Рухани кеш қонағы – кітап авторы Санжар Керімбай кітапсүйер қауымға тұлға туралы аңызға бергісіз қызықты оқиғалар мен әңгімелерді баяндады. Жаңадан жарық көрген кітапта Өзбекәлі Жәнібековтің қызметі мен болмысына экзистенциялық талдау жасалынды. Автор естеліктер мен оқиғаларды сараптай отырып, ұлт жанашырының мәдениет саласындағы жанқиярлық күресін баяндады.

«Қызмет қылсаң халқыңа, игі ат қалар артында» – деп қазақтың кемеңгер акыны Сәбит Дөнентаев айтқандай, бүгін ұлт мүддесі үшін аянбай тер төгіп жүрген Санжар Керімбай мырзаға оқырмандар атынан рахметімізді айтамыз.

Н. Эльмуратова
Қарасай аудандық
кітапханасының кітапханашысы



2012 жылдың 14 ақпанынан бастап адамдар бір біріне құрмет пен сыйластықтың белгісі ретінде сыйлыққа кітап ұсынатын күн болып бекітілді. Кітап – адамзат қоғамының ұлы жетістігі, ұлы ұстазы. Кітап сыйлау дәстүрі туралы оның қалай өмірге келетінін ескеруіміз керек: кітап басып шығару өндірісі жолға қойылу тарихы сегіз ғасырға, ал кітапты қол еңбегімен беттеп-қаттап құрастырып, оны көбейтіп көшіріп оқудың тарихы ондаған ғасырға кетеді дегенімізбен, кітап сыйлау күні – салыстырмалы түрде өте жас. Дүниежүзі халқы тарапынан қызу қолдау тауып, қалыпқа ене бастаған бұл ізгі мерекенің тұңғыш бастамашысы – АҚШ-тық Эмми Бродмур деген әйел. Ол сонымен қатар АҚШ-тағы балалар кітаптары сайтының да негізін қалаушы.

Әрбір істің шығуына түрткі болатын себеп болады. Сол сияқты, үш баланың анасы Эммидің басына да кітап сыйлау күнін белгілеу туралы идея кездейсоқ келген. Эммидің ұлдарының бірі анасынан: «Осы туған күніне орай немесе басқа бір себептерге байланысты адамдар бір-біріне кітап сыйлайтын күн бар ма?» - деп сұрайды. Баласының сұрағына: «Жоқ», - деп жауап бере отырып Эммидің басына: «Расымен де осындай бір күнді неге белгілеп жыл сайын дәстүрге айналдырмасқа?» - деген ой келеді. Бұл ойды жүзеге асыру әрекетіне бірден-ақ кіріскен ол әлеуметтік желілердегі өзінің достығында отырған адамдарға, таныс блоггерлерге, сайт бойынша әріптестеріне хабарласады. Кітап сыйлау күні деген арнайы күнді белгілеп, кеңінен насихаттап дәстүрге енгізу қажеттігін айтып түсіндіреді. Міне осылайша қуатты ақпараттық қолдаудың арқасында адамзат тарихындағы ежелгі ізгі дәстүрлерге негізделген жарасымды жаңа үрдіс арнайы бір күннің арнасында жаңғырып, әлем жұртшылығына ортақ жыл парақ бетінде Халықаралық кітап сыйлау күні пайда болды. Әдетте ғасырлар, жылдар бойы «Әулие Валентин» атты күнмен өрнектеліп келген он төртінші ақпанның маңызы осылайша құнды мерекемен артты. Әлемнің кітап сүйер жұртшылығына қызу қолдау тапқан мереке өзінің аз ғана жылдық қалыптасу тарихында үлкен танымалдыққа ие болып келе жатыр. Әсіресе қазіргі уақытта осы күні ең алдымен балаларға кітап сыйлау кеңінен қалыптасты. Сонымен қатар қандай бір себептермен кітап оқу мүмкіндігі шектеулі болған жандарға кітап сыйлау дәстүрі қалыптасып үлгерді. Кітапты сыйлық ретінде қабылдау – тек балаларға ғана емес, ересектер үшін де қуанышты сезім екені анық. Бұл ең әуелі – кітапты сыйға тартушы мен сыйға алушы арасындағы өзара сыйластықтағы жақсы қарым-қатынастың нышаны. Себебі сыйлықты кез келген көлденең көк аттыға бере бермейді ғой. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» дейтін халқымыздың мақалына саятын болсақ, кітап – әрқашан адам баласына өмірлік қажеттіліктерге қатысты қандай да болмасын білім-тәжірибелік, танымдық-тәрбиелік ақпараттарды беруші болып саналады. Кітап сыйлаушы да өзі кітап сыйламақ адамының білім-білігіне, өмірлік қызығушылығына, таным-түсінігінің көкжиегіне, әлеуметтік ортасына, жас ерекшелігін ескере отырып, лайықты сыйлықты таңдап алмай ма? «Көрінген кітапты оқи берген жарамайды, көңілде туған сауалдарға жауап бере алатын кітаптарды оқыған абзал», - деп Лев Толстой айтқанындай, сыйлыққа ұсынылатын кітаптың оқырман үшін қандай да бір позитив сыйлауын да ескерген дұрыс қой. Кітаптың мазмұнымен қатар оның тауар ретіндегі әзірлену сапасы, оқуға, ұзақ жылдар пайдалануға қолайлылығы туралы да көптеген талаптар ескеріледі.

Ертеңіміз еңселі, келешегіміз кемел болсын дейтін халық – кітап оқуды берік әдетке айналдырған халық. Мемлекеттің халқы кітапты көп оқитын болса, ол елдің адамдары гуманизмге бейім болады. Мұның нақты мысалы – кешегі коммунистік лагерь елдері. Себебі Кеңес Одағы бастаған коммунистік идеяны ұстанатын елдер әлем жұртшылығы арасында кітап оқушылар қатары мол болды. Дегенмен бұл режимде қандай кітапты, кімнің кітабын оқу немесе оқымау керек деген шектеу болғанын ескеруіміз керек. Осыған қарап: «Барлық кітап советтік идеология ауқымында болды, бүгінгі күннің мұрағаттарына мүлде үйлеспейді, мазмұны қызықсыз», - деген ойда жүрушілер болуы мүмкін. Бірақ бір жақты түрде мұндай қорытынды шығаруға болмайды. Отандық, шетелдік қаламгерлердің үздік деген туындыларымен сусындап, әлемдік классиканың пролетариат кеңестігінде тыйым салынғандарынан өзгесін жата-жастаңа парақтап, кітап оқуды өмірлік дағдысына айналдырып өскен кітапсүйер аға буын өкілдері қазір де кітап оқудан қол үзген жоқ деп сеніммен айта аламыз. Оларға кітап сыйласа, әрине қуанып

қалады. Дегенмен қоғамдық құрылым өзгеріске ұшырап, дағдарыс дендеп, қаржылық жетіспеушілік пен қымбатшылық меңдеткен күні кешегі онжылдықтарда кітап оқушылардың қатары біршама сирегені де анық. Бұл – өмірдің ақиқат шындығы.

Кітапта кез келген ересек адамға емес, осыны қажет етіп оқиды-ау деген жанға сыйланбай ма? Осы тұрғыдан алғанда біздің елімізде орта жастан асқандардың бәсі жоғары екені түсінікті.

Кітап сыйлау үшін оны таңдап білу де қажет. Қазақстандағы ірілі-ұсақты кітап дүкендерінде кітаптар баршылық. Әлемдік классика, орыс әдебиеті – заманауи баспа өнімі толып тұр. Кейінгі кезде шыққан отандық кітаптар да аз да

болса табылып қалады. Бірақ қағазбен басып шығарып дүкенде сатылымға қойылатын кітаптардың дәурені біртіндеп өтіп барады. Сонау 1440 жылы неміс Иоганн Гутенберттің өнертапқышығынан бастау алған жаппай кітап өндірісі де тап кейінгі он жылдықтар жүзінде өз қарқынын тежеуге мәжбүр болуда. Бұған негізгі себеп – кітап оқушылар санының азаюы емес, жазылған шығарманы ұсыну мен қабылдау алу форматының өзгеріске ұшырауы. Себебі электронды нұсқада әзірлеп тарату мен оны сақтап алып оқу – қай-қай жағдай тұрғысында да әлдеқайда тиімді екендігін дәлелдеп келеді. Кітапқа сұраныс бар. Өйткені әлем халқы кітап оқудан ажырай қойған жоқ. Соңғы кезде біздің Қазақстанда да кітап оқушылар қатары қайтадан молайғаны анық. Соның ішінде қазақ тіліндегі кітаптарға да сұраныс артып, осы салада үлкен серпін байқалуда. Жазушы Ұларбек Нұрғалымның «Дайағашы» кітабы әлденеше рет баспадан шығып жатуы – осы сұраныстың бар екендігінің айғағы. Сонымен бірге қазіргі күні қазақ тілінде шығатын кітап өнімдерінің оқырман үшін пішін көлемінің ыңғайлылығына мән беріле бастады. Бұл тұрғыда Арман Әлменбет басқаратын «Miqaba» баспасының өнімдері мақтауға тұрарлық. Сонымен қатар қазіргі әлемдік үрдіс бойынша Қазақстанда да ғаламтор желісі арқылы кітап сату жақсы жолға қойыла бастады. Дегенмен осы айтылғандарға қарап Иоганн Гутенберг ізбасарлары жақын уақытта баспа өндірістеріндегі станоктарын тоқтатып, ғимаратына құлып салады деуге болмас. Электронды кітаптан гөрі осы заманғы озық үлгімен әзірленген, тамаша дизайндық орындалған баспа өнімі – қағаз кітапты алып оқу әлдеқайда әсерлі екендігі даусыз.

Кітап оқу, кітап сыйлау үрдісі – адамзат қоғамымен бірге жалғасын таба берері сөзсіз. Өзге халықтарды қайда, біздің тарихымызда бұл – ежелден бар. Түркі халқынан шыққан әйгілі ойшыл дана Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты даналық кітабын 1070 жылы Қарахандар әулетінің (942-1210) негізін қалаушы Сүлеймен Арсылан ханға (908-955) тарту еткені тарихтан белгілі. Шығыстың ойшыл ғұламаларында ел иесі сұлтандар, хандар, патшаларға кітап тарту ету – ежелден бері қалыптасқан үрдіс.

Тіпті мұндағы, өз еліміздегі игі үрдістен мысал келтіретін болсақ, Шыңғыстау бойындағы Ырғызбай ауылдарында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының құсни хатпен арнайы дәптерге көшірілген өлеңдерін ұзатылған қыздарының жасауына қосатын дәстүр болған екен. Мүрсейт Бікеұлы сияқты көшірумен шұғылданған азаматтар осыдан нәпақа тапқан деседі. ХХІ ғасырда да жалғасын тауып жатқан, қыздың жасау-жабдығына кітап қосуды дәстүрге айнадырсақ тіпті ғанибет емес пе? Қазақта не көп, той-томалақ көп. Той-томалақтың мызғымас бір атрибуты – тойдан тобықтай «тойбастар» деп таратылатын ұсақ-түйек. Кейбір зиялы той иелері «той-бастар» ретінде кітап тарататын жасер үлгіні де анда-санда ұшыратып қаламыз. Бұл да құптарлық, жаппай дәстүрге енгізерлік үрдіс емес пе?

Кітап оқу – жеке адам немесе мемлекет тұрғысында қандай бір себептермен қалыптасып, ұзақ жылдар жүзінде дәстүрге айналатын ізгі қасиет. Бұған Ресейдің үлгі етуге болады. GFK халықаралық маркетингтік зерттеулер институтының сұрау салуы бойынша әлем елдері арасында кітапты оқу рейтингісі анықталған. Осы рейтинг бойынша үздік ондыққа Қытай Халық

Республикасы, Ресей Федерациясы, Испания, Италия, Ұлыбритания, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Мексика, Канада кірген екен. Кітапты көп оқитын елдерден әлемдегі айтулы әдеби сыйлықтарға ие болған танымал жазушылар да көбірек шығуында мән болса керек. Ресей қалаларында автобуста, метрода кітап оқып бара жатқан немесе жоғары оқу орындары ғимараттарының баспалдағында отырып кітапқа үңіліп отырған адамдарды көру – әдепкі жағдай. Кітапты көп оқыған сайын адамның таным көкжиегі кеңейіп отырумен қатар, кітап – ақы-пұлсыз ақылшы ретінде өмірде кездесіп жататын түрлі-түрлі қиын-қыстау жағдаяттарда сабырлықпен, істің оңтайлы шешімін тауып, тығырықтан шығуға көмектесетіні де белгілі.

«Жақсы кітап – жан азығы», - деген осы емес пе?

Пролетариат көсемі «Адамды адам еткен – еңбек», - деген болатын. Ал қазақтың заңғар жазушы Әбіш Кекілбай бұл ой жөнінде басқаша тұжырым жасайды: «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана». Иә, адамды адам еткен – кітап. Ол рас. Адамзат баласының алғаш сонау тас пен сазға түрлі ақпараттарды жазуының өзі – кітаптың бастамасы емес пе? Жазушы Әбіш Кекілбай айтқанындай, кітапхана – адамзат ақыл-ойының сенімді қоймасы. Кешегі кеңес заманының адамдарында үйіне өмір бойы тірнектеп кітап жинайтын дәстүр бар еді. Өзін зиялы азаматпын деп санайтын әрбір оқырманның үйінде жүздеген, тіпті мыңдаған

14 АҚПАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КІТАП СЫЙЛАУ КҮНІ



Кітап оқу дегенде, қазіргі күні үлкен демей, кіші демей қол телефонға үңілетін жағдай еске оралады. Бұл – бүгінгі өкінішті шындығымыз. Дегенмен жас ұрпақты телефоннан аулақтатып, кітапты серік етуіне мәжбүрлі немесе саналы түрде бағыттап жатқан елдер де баршылық. Солардың бірі – Жапония. Бұл елдің тәртіпке бағынатын саналы қауымы, соның ішінде оқушылар бос уақытын кітап оқуға, өзге де пайдалы істерге жұмсауға бейім тұрады екен.

Осы ретте кітап оқуға қатысты мына бір деректі ұсынуды жөн көрдік. Кітап оқуды тұрақты әдетке айналдырған адам аптасына қалыңдығы орташа деңгейдегі бір кітап оқыса, бір жылда елу кітап оқып үлгереді екен. Демек осы оқу қарқындағы кітапқұмар жасөспірім өмір бойы осылай оқыған қалпында қарттық белеске жеткен шағында шамамен 3000-4000 кітап оқиды деген сөз. Ал әлгі жасөспірім аптасына екі кітап оқиды десек, бұл көрсеткіш тағы екі есеге артады. Ал екі аптада немесе айына екі кітап оқиды десек, екі есе азаяды. Бірақ бұл әркімнің ынта-жігеріне, қызығушылығына, мамандығына т.б. қатысты түрлі көрсеткішке ие болуы мүмкін. Жалпы алғанда Жер шарындағы адамзат баласының оқитын кітап саны орта есеппен бес жүз дана екен. Бұл сан бір адамның ғұмыры үшін көп пе, аз ба, өзіңіз сараларсыз. Және өзіңіз осы жасқа дейін қанша кітап оқып үлгердіңіз? Қазір бос уақыт тауып кітап оқып жүрсіз бе? Жоқ, әлде қызықты кітапты парақтай, құныға оқитын қайран алтын уақытыңызды фейсбук пен вацап, телеграмм мен түйттер, ютуб және басқа да әлемжелілерге еріксіз қалай «ұрлатып» алғаныңызды аңғармаған сарындағы өмірді бастан өткізіп жатырсыз ба? Әрине, қазіргі замандағы ақпарат алмасу форматының жетістігіне негізделген әлеуметтік желілерді, олар арқылы ұсынылып жататын сансыз ақпараттардың сізге еш пайдасы жоқ, оларды қарамаңыз демейміз. Бірақ талғам таразысына сала отырып, қызығушылықпен оқыған көркем әдеби немесе тарихи танымдық, ғылыми т.б. жанрлардағы кітаптың білім көкжиегін кеңейту, рухани жан азық алуға ықпалы өлшеусіз ғой. Кітаптардың оқырманға психологиялық, эстетикалық тұрғыдағы сыйлайтын әсері бойынша тигізер пайдасы орасан екендігін кім жоққа шығарар?

кітабы бар кітапхана болатын. Мұны өкінішке қарай электронды тасымалдағыштар дәуірінде туып-өскен қазіргі буын түсінбейтін де шығар. Өмір бойы жинаған кітаптары ұрпақтарына қажет болмай, қажет деп тапқанын сатылымға шығарып, қалғанын қоқысқа лақтырып жатқан адамдар қаншама? Кітаптың қадірін білетін дәуірге қайта оралар болсақ бұл жағымсыз үрдіс азаяр еді.

Кітап сыйлау күні деп арнайы белгіленгені болмаса, бұл – біздің қоғамымызда бұрыннан қалыптасқан ізгі дәстүр екендігіне тағы бір мысал – ақын-жазушылар өздерінің баспадан жаңа шыққан, сиясы кеппеген кітаптарын қаламдастарына, шығармашылығын шын бағалайтын оқырмандарына қолтаңбасымен сыйлайтын үрдіс болған, ол қазір де бар. Бірақ айта кетерлігі: сол сыйланған кітаптардың барлығы бірдей оқылып жатыр ма, сұраныс бар ма? Ол жағы белгісіз. Кей жағдайларда көпшіліктің алдында тұсауы кесіліп, жаппай таратылған мұқабасы жылтыраған небір көлемді-шағын кітаптардың әр бұрышта елеусіз шаң басып жататыны да рас. Бұл – кітаптың барлығы бірдей адамды оқуға қызықтыра білуі мүмкін емес деген ақиқаттың көрсеткіші. «Жетектеген тазы түлкі алмас», - дегендей, талантты емес қалтаның буымен шығарылған іші су, сырты жылтыр, оқырманның қызығушылығын тудырып, сұранысын қанағаттандырмайтын кітаптың барар жері – макулатура қабылдау орны десек те болар. Ал оқырманды ойландыратын, өмірге құлшындыратын мықты туынды жазған автордың шымыр туындысы қай дәуірде де сұранысқа ие. Бұл – нарықтық экономика дәуірінің заңдылығы. Тауар неғұрлым өтімді болуы – оны базарлаушы үшін маңызды. Жақсы кітап – өтімді тауар деген сөз. Сондықтан кітап сыйлаушы да мұны міндетті түрде ескерді.

Эмми Бродмур ойлап тауып өмірге енгізген Халықаралық кітап сыйлау күні осылайша кітап өндірісіне де тың серпін берді. Ендеше тәуелсіз мемлекеттің саналы азаматтары біз де Халықаралық кітап сыйлау күнінде айналамыздағы адамдарға, әсіресе еліміздің болашағы бұлдіршін балақайларға кітап сыйлап қуантайық!

| ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

ПЕДИКУЛЕЗ СЫРҚАТТАНУШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Педикулез – кеңінен тараған паразиттік аурушаңдық. Көбінесе бит жеке гигиена ережесін бұзғаннан, бөтен адамның затын пайдаланып, киімін киюден жұғады. Сондай-ақ, биттер

көптеген жұқпалы аурулардың тасымалдаушылары (бөртпе, сүзек және т.б.) болып табылады. Адамда биттің үш түрі тіршілік етеді (бас биті, киім және қасаға биті). Жиі жағдайда бит

бастың шаш бөлігінде пайда болады. Паразиттер адамның бас пен мойын терісінде мекендеп, қанмен қоректенеді. Биттердің көбею циклі аналықтың шашқа жұмыртқаны бекітуінен баста-

лады. 8-10 күннен соң жұмыртқадан жәндік пайда болады, одан соң олар жетіліп, шамамен екі аптадан кейін өздері жұмыртқалайды. Бит тарақ, бас киім, қыстырма, жастық және орамал арқылы басқа адамға көшеді. Алғашқы белгісі – бас терісінің қышуы, бірақ қышу биттің пайда болуынан кейін 3 ай өткен соң басталуы мүмкін.

Егер мектепте немесе бала-бақшада балалардың бірінде педикулез анықталса, өз балаңыздың басы мен мойнын мұқият қарап шығып, алдын алу шараларын қолданыңыз.

Сіз не істей аласыз?

Дәріханада сатылатын арнайы су сабын немесе ласьонды пайдаланыңыз. Одан соң шашты кептіріп, өлген паразиттер мен жұмыртқаларды арнайы ұсақ тістері бар тарақпен түсіріп тастаңыз. Барлық паразиттерді жою үшін осы процедураны аптасына бір рет қайталаңыз. Алдын алу мақсатында барлық

отбасы мүшелеріне арнайы су сабынмен басты жууды ұсынамыз. Бірнеше сағатқа спиртке шашқа арналған тарақ және басқа құралдарды салып қойыңыз, содан соң оларды мұқият жуып шығыңыз. Төсек орынды, орамалды және жиһаз жабындыларын ыстық суда мұқият жуыңып үтіктеу қажет. Бас терісінде жұқпа белгілері бөртпе, ірің пайда болған жағдайда дәрігерге қаралыңыз.

Адамда биттің бірен-саран (біреуден онға дейін) саны анықталғанда жәндіктер мен жұмыртқаларды механикалық тәсілмен, яғни тарақпен тарап кетіру, шашты қысқалап қию немесе толығымен қырқып тастаған жөн.

Өз денсаулығыңызға және балаңыздың денсаулығына мұқият болыңыздар!

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бөлімі» РММ жетекші маманы Жайдара Иманбаева

ПРОФИЛАКТИКА НЕИНФЕКЦИОННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ СРЕДИ ДЕТЕЙ

Что такое неинфекционные заболевания? Это те виды заболевания, которые имеют хронический характер и возникают из-за негативного влияния внешних условий и внутренних факторов, но в отличие от инфекционных заболеваний они не передаются от одного человека другому. Одно из наиболее распространенных в детском возрасте неинфекционных заболеваний – сколиоз, боковое искривление позвоночника. Его проявления различны: одно плечо выше другого или одно бедро выше другого, прогрессирующая сутуловатость, неестественный наклон головы и др. Поэтому необходимо позаботиться о правильной осанке детей, чтобы их позвоночник долгие годы сохранял свои естественные изгибы. Позвоночник – основа скелета и если он искривляется, мускулы и связки, прикрепленные к нему, меняют свою длину (чаще – укорачиваются), из-за чего будут смещаться внутренние органы. Искривлению позвоночника способствуют долгое неподвижное засиживание детьми за компьютерами, планшетами или сотовыми телефонами, где не контролируются угол наклона экрана монитора, соответствие высоты сидения, а также соблюдение перерывов в работе. Важно, чтобы такие паузы были заполнены активными действиями, сопровождались выполнением



физических упражнений: наклонов вперед-назад, потягиваний, прыжков и т. д. Немаловажную роль для здоровья позвоночника играет пища, а также вода, ведь неорганические вещества, соли откладываются в суставах и причиняют ребенку острую боль при движении, так как при этом изменяется консистенция синовиальной жидкости – естественной смазки всех суставов. Желательно начинать день со свежеприготовленного овощного или фруктового сока. Не менее важны для

костей минеральные вещества: кальций, фосфор, магний, марганец.

Кальций, как всем хорошо известно, – основной компонент костей. В нем также нуждаются спинной мозг и нервная система. Недостаток этого элемента в организме может сказаться на характере (появятся капризы, раздражительность). Кальцием богаты печень, сердце, свежие яйца, молочные продукты, цельное зерно (овес, ячмень), орехи и семечки, капуста кочанная и цветная, морковь, огурцы; из фруктов –

